



Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 қазандағы N 1183 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 маусымдағы N 912

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің басқармасындағы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің өкілдері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 қазандағы N 1183 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулының атауы мен мәтініндегі "Министрлер Кабинеті", "Министрлер Кабинетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі", "Қазақстан Республикасы Үкіметінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің басқармасына - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі Қадыржан Дәмитов Қабдошұлы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі болып тағайындалсын;

Жұрғалиқызы Жанат Ертілесова аталған құрамнан шығарылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі